

ӘНШУАҚ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЛАЛАР ӘНДЕРІНІҢ ФЕСТИВАЛІ

“—

«Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар, әнді сүйсең менше сүй!»

Абай



Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында алғаш рет қазақ тілінде балалар әндерінің фестивалі өткізіледі

Бұл Фестиваль мәдени шара ғана емес, сонымен қатар балалардың вокалдық өнері мен музыкалық шығармашылығын көрсету үшін маңызды алаң болып табылады

ФЕСТИВАЛЬДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Музыка арқылы балалардың мәдени және тілдік білімдерін байыту мақсатында, қазақ тіліндегі әндерді **насихаттау және тарату**

1 **Ән өнеріне тарту:** шығармашылықтың қол жетімді түрі ретінде балалардың ән айтуға деген қызығушылығын ояту

2 **Музыкалық репертуарды кеңейту:** қазақ әндерінің балалар репертуарын байыту

3 **Мәдени дәстүрлерді сақтау:** қазақ ән өнерін қолдау және дамыту

4 **Рухани-адамгершілік тәрбие:** балаларды музыка арқылы тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін дамыту

ФЕСТИВАЛЬДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Фестиваль жас таланттар қазақ тілінде балалар әндерін орындауда өз шеберліктерін көрсете алатын бірегей іс-шара болып табылады

ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Фестиваль өнер мен музыка арқылы өз елі мен оның мәдени дәстүрлері үшін ұлттық сана мен мақтанышты нығайтуға ұмтылады

ТӘЖІРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘДЕНИЕТКЕ БАУЛУ

Фестиваль балалардың жеке және шығармашылық дамуына ықпал ете отырып, көпшілік алдында өнер көрсету тәжірибесін қалыптастырудың маңызды платформасы ретінде қызмет етеді

ЖАС ТАЛАНТТАР МЕН КӘСІПҚОЙЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Бұл жас таланттардың өсуі мен дамуына ықпал етіп, жас орындаушылар мен кәсіпқойлар арасында тәжірибе мен білім алмасуды қамтамасыз етеді

БАЛАЛАР ӘНДЕРІ ФЕСТИВАЛІ НЕ ҮШІН?

- **Рухани-адамгершілік тәрбие:** балалар әндері - эстетикалық және адамгершілік қасиеттерді дамыту құралы
- **Мәдени дәстүрлерді сақтау:** Фестиваль ұлттық мақтанышты нығайта отырып, қазақ мәдениетіне деген қызығушылықты арттырады
- **Көпсалалы тәсіл:** Фестивалге балалардың жан-жақты дамуы үшін ән айту, музыкалық аспаптар және сахналық қойылымдар кіреді
- **Мерекелік атмосфера:** жарқын және ұмытылмас әсер қалдыратын театрландырылған қойылымдар
- **Әлеуметтік интеграция:** Фестиваль білім беру және мәдени ұйымдарды, оқушыларды, педагогтерді, ата-аналарды, ақындар, композиторлар, әншілерді біріктіреді



ФЕСТИВАЛЬ ҮЙЛЕСТІРУШІЛЕРІ:

ҚР Оқу-ағарту министрлігі



ФЕСТИВАЛЬ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ:

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, аудандар және басқа да елді мекендер деңгейіндегі атқарушы органдар

ФЕСТИВАЛЬ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ:

Білім беру ұйымдарының білім алушылары 6-17 жас аралығындағы-жас орындаушылар:

- солистер
- дуэттер
- трио
- квартеттер
- хор ұжымдары

Қазақстандық әртістер, ақындар мен композиторлар



ФЕСТИВАЛЬ ІС-ШАРАЛАРЫ

1 **#ӘНШУАҚ** қазақ тіліндегі балалар әндері **челленджі**
Челлендж ақпан-мамыр айларында **#ӘНШУАҚ** хэштегімен Tik-Tok әлеуметтік желісінде қазақ тіліндегі балалар әндерінің жанды орындалған бейнесін (түпнұсқа аудио) орналастыру арқылы өткізіледі.

2 **«Open Air» - #ӘНШУАҚ** балалар әндерінің қазақ тіліндегі концерттері 2024 жылғы **1 маусымда сағат 11.00-де** республиканың әрбір елді мекенінде бір мезгілде ауылдар, аудандар, қалалар мен облыстар әкімдерінің, ақындардың, композиторлардың, белгілі әншілердің қатысуымен балаларды жаппай тарту арқылы өткізіледі.
«Open Air» өңірлік және республикалық **телеарналарда**, БАҚ-та бір уақытта көрсетіле отырып өткізіледі.

3 **«ӘНШУАҚ»** қазақ тіліндегі балалар әні фестивалінің **Гала-концерті 2024 жылғы 1 маусымда** Астана қаласында өткізіледі.

Гала-концерттің барлық қатысушылары дипломдармен, бағалы сыйлықтармен, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына жолдамалармен марапатталады

ФЕСТИВАЛЬДІҢ ПРОЦЕСІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ:

Өткізу деңгейлері:

- білім беру ұйымдары
- аудандық және қалалық
- облыстық және республикалық маңызы бар қалалар деңгейі

Қорытынды кезең:

- күні: 2024 жылғы 1 маусым
- уақыты: сағат 11.00
- барлық елді мекендерде бір мезгілде гала-концерт өткізу
- қатысушылар: ауылдардың, аудандардың, қалалардың әкімдері және балалар, педагогтер, ата-аналар, ақындар, композиторлар, танымал әншілер

Өткізу орындары:

- концерт залдары
- филармониялар
- театрлар
- ауыл клубтары
- стадиондар

Ақпараттық қамтамасыз ету:

- Гала-концерттерді қазақстандық телеарналар мен радиостанцияларда **трансляциялау**
- Фестиваль Гала-концерттерінің **теленұсқасын жасау**
- Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кеңінен жариялау

ФЕСТИВАЛЬДІҢ ӘСЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазақ тіліндегі балалар әндерін насихаттау:

- Фестиваль балалар әндерін қазақ тілінде насихаттаудың негізгі факторы болып, олардың жас ұрпақ арасында қамтылуын кеңейтеді

Мәдени мұрамен таныстыру:

- Балалар мен жастарды қазақ музыкалық мәдениетіне тарту, ұлттық сана мен мақтанышты нығайту

Оқыту мен орындауды ынталандыру:

- Балалардың жеке және мәдени дамуына ықпал ететін қазақ тілінде балалар әндерін үйренуге және орындауға ынталандыру

Тәрбиеге әсері:

- Ұлттың мәдени кодының маңызды құрамдас бөлігі ретінде әндер күшті эмоционалды әсер береді және рухани-адамгершілік және азаматтық тәрбиеге ықпал етеді

ФЕСТИВАЛЬДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

1

ЖИНАЛЫС ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ:

- Әкімдер деңгейінде түрлі ведомстволардың өкілдерімен кеңестер ұйымдастыру
- Фестивальді өткізу жоспарын жасау

2

ЖҰМЫС ТОПТАРЫ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУ:

- іс-шараларды дайындау және өткізу үшін жұмыс топтарын құру
- жауапты адамдарды тағайындау

3

АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:

- Фестиваль туралы ақпаратты көпшілікке тарату
- іс-шараларды, телерадио,бағдарламалар мен кездесулерді өткізу

4

ДАУЫС БЕРУ ЖӘНЕ ӨНЕР КӨРСЕТУ:

- дауыс беру арқылы танымал балалар әндерін анықтау
- әртістердің балалармен бірлескен қойылымдарын ұйымдастыру

5

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ЖАРИЯЛАУ:

- Фестиваль іс-шараларын теледидарда, радиода және әлеуметтік желілерде **трансляциялау**
- Фестивальдің **телевизиялық нұсқасын** жасау және тарату

6

БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ:

- Фестивальдің белсенді қатысушыларын марапаттау және көтермелеу

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ БАЛАЛАР ӨНДЕРІН ТАРАТАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ РАДИОСТАНЦИЯЛАР МЕН ТЕЛЕАРНАЛАР



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕЛЕАРНАЛАР МЕН РАДИОСТАНЦИЯЛАР

Республикалық телеарналары: «Қазақстан», «Хабар», «Ел арна», «7 арна», «Балапан», «Астана ТВ», «Той думан»

Республикалық радиостанциялар: «Қазақ радиосы», «Ретро FM», «Шалқар радиосы», «Той думан», «Жұлдыз FM», «BEU FM», «Алау радиосы», «Dala FM», «Халық радиосы»

Балалар әндерін қазақ тілінде тарататын республикалық радиостанциялар: «Қазақ радиосы», «Той думан», «Шалқар радиосы», «Халық радиосы»

№	Облыстар, қалала	Радиостанциялар тізімі
1	Абай	«Қазақ радиосы», «Ретро FM», «Шалқар» радиосы, Радио «Той думан», «Жұлдыз FM»
2	Ақмола	«Жана FM», «Dala FM», «Тамаша FM»
3	Ақтөбе	«Ақтөбе» радиосы, Радио «Тандем»
4	Алматы обл.	Радио «Той думан», «Gakku FM», «Хит FM-Хабар», радио «Алматы»
5	Атырау	«Қазақ радиосы», «Ретро FM», «Шалқар» радиосы, Радио «Той думан», «Жұлдыз FM»
6	ШҚО	Радио «Sana», «Радио 7», Радио «Той думан»»
7	Жамбыл	«Dala FM»
8	Жетісу	«Dala FM», «Жұлдыз FM», Радио «Жетісу»
9	БҚО	«Талап» радио, Радио «Той думан»
10	Қарағанды	«Жаңа» радио
11	Қостанай	Радио «Алау», Радио «КН»
12	Қызылорда	«Dala FM»
13	Маңғыстау	«Қазақ радиосы», «Жұлдыз FM»
14	Павлодар	«Халық» радиосы
15	СҚО	«Халық» радиосы
16	Түркістан	Радио «Сарыағаш», Радио «Шалқар»
17	Ұлытау	«Жұлдыз FM», «Dala FM»
18	Астана қ.	«Астана» радиосы, «Орда FM»
19	Алматы қ.	«Lux FM», «Қалық радиосы», «Жұлдыз FM»», Радио «Алматы»
20	Шымкент қ.	«Қазақ радиосы», Радио «Той думан»